-Бағдарламаның мазмұнына сәйкес балалардың сапалы және толыққанды дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету:

-балаларды тәрбиелеу мен оқытудың инновациялық технологияларын, әдістері мен тәсілдерін қолдану.

-циклограмманың құрылымдық бөліктерін сапалы жоспарлау үшін пәндік дамытушы ортаны қалыптастыру.

Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері қоса беріледі.

тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптардың сақталуы

Апталық оқу жүктемесі типтік оқу жоспарымен анықталған оқу жұмысының барлық түрлерін қамтиды (инвариантты және вариативті компоненттер).

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі. Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Тәрбиелеу-білім беру процесінде мектепке дейінгі ұйымдағы іс-шаралардан тұратын күн тәртібіне (балаларды қабылдау, таңертеңгі жаттығу, тамақтану, серуендеу, күндізгі ұйқы, шынықтыру шаралары, балалардың үйге қайтуы) сәйкес балалар іс-әрекетінің түрлері (ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, заттық, қимылдық, бейнелеу) қарастырылады.

КҮН ТӘРТІБІ

Тәртіп компоненті	Уақыты
«Сәлеметсіңдерме балалар!» Балаларды қабылдау, қарау. Ертеңгілік гимнастика. Гигиеналық шаралар. Топтық қарым – қатынас.Ойындар,	8 ⁰⁰ -9 ⁰⁰
Таңғы ас.	9 ⁰⁰ -9 ³⁰
« Ойнайық та, ойлайық » Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетіне дайындық. Ұйымдастырылған оқу іс – әрекеті. Балалардың бірлескен іс – әрекеті.	9 ³⁵ -9 ⁵⁰ 9 ⁵⁵ -10 ¹⁰ 10 ¹⁵ -10 ⁴⁰
«Табиғатқа бірге барамыз » Серуенге дайындық. Серуен.Табиғатпен таныстыру,ойындар,еңбек.	10 ⁴⁰ -12 ¹⁵

Серуеннен оралу.	
Мәдени-гигиеналық әдеттерге баулу.	12 ¹⁵ -12 ³⁰
Түскі ас « Ас дәмді болсын! » Мәдени-гигиеналық әдеттерге баулу.	12 ³⁰ -13 ⁰⁰
« Тәтті ұйқы » Күндізгі ұйқыға жатқызу.	13 ⁰⁰ -15 ²⁰
« Ұйқымызды ашайық » Ұйқыдан ояну. Сергіту гимнастикасы. Шынықтыру шаралары. Гигиеналық және шынықтыру шаралары.	15 ²⁰ -15 ⁴⁵
Бесін ас «Ас болсын!»	15 ⁴⁵ -16 ¹⁰
Вариативтік бөлім	16 ¹⁰ -16 ³⁰
« Алақай, ойын!» Сюжеттік - рөлдік,шығармашылық және дидактикалық ойындар,үстел үсті ойындар,ірі құрылыс материалдарымен ойнау. Серуен	16 ³⁰ -17 ³⁰
« Ертеңге дейін...» Балалармен, ата- аналармен қарым-қатынас.Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	17 ³⁰ -18 ⁰⁰

Шағын орталықтың жұмыс уақыты: 08.00-18.00 –ге дейін

Аптасына 5 күн жұмыс жасайды.Сенбі,жексенбі-демалыс.

Оқу жылының басында жанадан келген балаға ата-анасы жазбаша өтініш толтырады, белгіленген үлгідегі медициналық анықтама тапсырады, туу туралы куәлігімен қоса ата-аналарының жеке куәліктері ,3*4см-2 дана фотосуретті тапсырады.

10 .Мектепке дейінгі ұйымдардың міндеттері:

- 1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастықта болу;

5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын сақтау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету; 6) баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған өзгеретін ойын және тақырыптық зоналарды (аймақтарды), инклюзивті дамыту ортасын құру.

11. Оқу үрдісі мыналарға сәйкес жүзеге асырылады;

-өтпелі тақырыптарға негізделген перспективалық жоспар;

-циклограмма;

-тәрбиеленушілер жетістіктерін бақылау (бастапқы, аралық, қорытынды);

-күнтізбелік тақырыптық жоспарды тәрбиешілер бір оқу жылына арналған өтпелі тақырыптар негізінде жасайды.

-күнтізбелік тақырыптық жоспарды перспективалық жоспармен ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттің тақырыптары анықталады.

-перспективалық жоспарда балалардың жас еркешелігін ескере отырып, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту жөніндегі оқу міндеттерін міндетті түрде орындау қарастырылған.

Ұйымдастырылған оқу іс әрекеті күнтізбелік тақырыптық жоспарлауға және Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын күнтізбелік тақырыптық жоспар мектепалды тәрбиешілеріне оқу іс-әрекетін жүйелі және дәйекті ұйымдастыруға мүмкіндік беретін тоқсандық түпкілікті жоспарлау енгізілген (бағаланатын кезеңге күнтізбелік тақырыптық жоспарлардың көшірмелері қоса беріледі)

Мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ тілі (штаттық кестеге сәйкес қазақ тілі маманы болған жағдайда), дене шынықтыру және музыка ұйымдастырылған іс әрекеттері кестесі бойынша өткізіледі. Ал қалған ұйымдастырылған іс-әрекеттер әр баланың қызығушылықтары, ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескеріле отырып, балалардың түрлі әрекеттері арқылы ойын түрінде кіріктіріп ұйымдастырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс әрекеттерді тек топ бөлмесінде ғана емес сондай-ақ жатын, қабылдау бөлмелерінде, арнайы кабинеттер болған жағдайда кабинеттерде, дәліздерде, ойын алаңдарында, серуен кезінде және т.б. балаларға ыңғайлы жағдайларда өткізу ұсынылады.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізуде балалар қызығушылықтарына сәйкес үнемі белгілі орталықтарды ғана таңдауына жол бермеу үшін топтағы барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтырып, өткізілетін ойындарды алдын-ала ойластыру ұсынылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығының 1- қосымшасына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттар тізбесіне» сәйкес педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады.

Перспективалық жоспарды Үлгілік оқу жоспары мен Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп және мектепалды сынып тәрбиешісі оқу жылы басталғанға дейін бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда балалардың жасына сәйкес Үлгілік бағдарламада берілген міндеттер әрбір айға бөлініп алынады. Міндеттерді балалардың игеруіне сәйкес бірнеше рет қайталап алуға, өзгертуге немесе түрлендіруге болады.

Циклограмманы тәрбиеші жас тобында жұмыс істейтін басқа педагогтермен (қазақ тілінің мұғалімімен, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысымен, музыка жетекшісімен) бірлесіп жасайды. Циклограммада ұйымдастырылған іс-әрекеттер мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес күннің бірінші және екінші жартысында жоспарланады. Циклограммада педагог ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша Перспективалық жоспарда айқындалған міндеттерді кіріктіре отырып, шешу үшін, ұйымдастыратын түрлі балалар әрекетін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) айқындайды.

Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындап отырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады.

Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді.

Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған 24 іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
 - әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру.

Циклограмма- бұл балалармен алдағы табысты жұмыстың мазмұнын, нысандарын әдістері мен тәсілдерін, жұмыс уақытын пайдалану бойынша нақты орындалады. (есептік кезіңге циклограммалардың көшірмелері қоса беріледі)

12 . «Балбөбек» шағын орталығында оқу жүктемесінің көлемі

Оқу жылдары	Шағын орталық				Жылдық оқу жүктемесі (барлығы/инвариантты/вариативті)
		Апталық оқу жүктемесінің Еңкөпмөлшері Еңкөп апталық оқу жүктемесінің көлемі	Инвариантты оқу жүктемесі	Вариативті оқу жүктемесі	
2021/2022	1	11	-	36	324
2022/2023	1	14	-	72	504
2023-2024	1		-	-	-

13. Оқу-материалдық активтер

Ғимарат типтік, 2 қабатты, 1964 жылы салынған.

Шағын орталық 2008 жылы, қыркүйек айында ашылды.

2-ші қабатта орналасқан.

15 жатын орынға арналған.

Жалпы шағын орталықтың көлемі: кв

Ойын бөлмесінің ауданы: кв.м.

Жатын бөлмесінің ауданы: кв.м.

Дәретхана ауданы: кв.м.

Қабылдау бөлмесінің ауданы: кв.м.

Кір жуатын бөлмесінің 1-ші қабатта орналасқан ауданы: кв.м.

Жиһазбен және жабдықтармен қамтылу туралы ақпарат

Қажетті ыдыс-аяқпен, төсек орындармен, жиһазбен қамтамасыз етілген.

Теледидар -0

Керуерт-15 , киім ілуге арналған шкафтар-15,

тамақтануға арналған үстел-8, орындық-20,

сүлгіге ілгіш- 2- 28 балаға арналған, кір жуу машинасы-1,

оқу үстелдері-5, жұмыс үстелі-0.

Орталықтар:«Дүкен»-1, «Емхана»-1, «Құм-су орталығы»-0, «Табиғат бұрышы»-1, «Театр орталығы»-1, «Шаштараз»-1,

«Кітап бұрышы»-1, «Ұлттық бұрышы»

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

Кітап саны:0

Оның ішінде:қазақ тілінде /көркем әдебиет,ертегілер /: 0

Орыс тілінде:0

Оқу әдістемелері

14 .Тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелерінің болуы және талдау

Тәрбиеленушілердің білімін білімдерін бағалау

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі бағыттары айқындалған.

Осыған байланысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының сапасын арттыру мақсатында мектепке дейінгі

ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер:

- Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығы) (бұдан әрі - Стандарт);
- Үлгілік оқу жоспарларына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 мамырдағы №195 бұйрығы);
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы) (бұдан әрі-Үлгілік бағдарлама) өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Осы нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып, Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің әдістемелік ұсынымдарының мазмұнына өзгерістер енгізілді.

Мониторинг балалардың түрлі жас кезеңдерінде біліктері мен

дағдыларының даму деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізуде педагогтің алдағы іс-әрекетін анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты-Стандарт пен мектепке дейінгі білім беру талаптарына сәйкес балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг жүргізудің бірыңғай тәсілін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету;
- мектепке дейінгі ұйымның ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау;
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру процесін жеке және топтық жоспарлау.

Әдістемелік ұсынымдар келесі бөлімдерден тұрады:

«Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері», «Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейлерін есептеу әдістемесі»

Мониторинг нәтижелерін алу әдістері:

- балаларды бақылау;
- әңгілелесу;
- бала әрекетінің өнімдерін талдау;
- жағдаяттар.

Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі. *Диагностиканы жүргізу кезеңдері*: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында:

-бастапқы – 1-10 қыркүйек;

-аралық – 10-20 қаңтар;

-қорытынды– 15-25 мамыр.

1-10 қыркүйек аралығында тәрбиеленушілердің дене, тұлғалық және интеллектуалдық қасиеттерінің даму динамикасын анықтау мақсатында **бастапқы диагностика** жүргізілді.

Бастапқы мониторинг нәтижесінде кіші топ

I - деңгей – 0

II- деңгей- жалпы 100 % құрады

III – деңгей - 0 %

Жыл бойы кіші топ балалары: «Денсаулық» саласы бойынша:

Дене жаттығуларын орындай алады, жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын игерді, негізгі қимыл түрлерін игерді.

«Қатынас» саласы бойынша : берілген сұрақтарды түсінуді және тыңдауды үйренді; жақсы таныс ертегілерді мазмұндауды біледі; тақпақтарды, өлеңдері жатқа біледі;

«Таным» саласы бойынша: түстердің атауларын дұрыс қолдануды үйренді; қолдың ұсақ моторикасының үйлесімдік дағдыларын игерді; құрылыс материалдарының қасиеттері туралы түсініктерді игерді;

Табиғаттың маусымдық өзгерістерін біледі.

Ортаңғы топ нәтижесі:

1 деңгей - 0 %

2 деңгей- 100 %

3 деңгей- 0 %

«Денсаулық» саласы бойынша жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындай алады; негізгі қимыл түрлерін орындауды үйренді;

«Қатынас» саласы бойынша: қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап беруді біледі; әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыстарын мен ырғағы мен мәнерлерін үйренді;

«Таным» саласы бойынша: Тәулік бөліктерін-таңертен, күндіз, кеш, түнді таниды, айтады. Қарапайым құрылыстарды құрастыра біледі;

«Жаратылыстану» саласы бойынша:көкөністер мен жемістерді ажырата біледі,атайды.Құстардың мінез-құлқындағы ерекшеліктерді үйренді.

Ересек тобының нәтижесі:

1 деңгейдей - 0 %

2 деңгейдей- 100 %

3 деңгейдей- 0 %

«Денсаулық» саласы бойынша:Түрлі тапсырмаларды орындап,қимылды ойындарды ережелерін сақтап ойнайды,жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын сақтауды үйренді.

«Қатынас»үлгі бойынша әңгіме құрастыруды;отбасы,отбасындағы тұрмыс дәстүрлер туралы айтып бере алады;таныс ертегілердің мазмұнын айтып бере алады;құрдастарына достық қарым-қатынас және өзара көмек көрсетуді біледі;орыс тілінен 5-ке дейін тура және кері санай біледі;

«Таным» саласы бойынша: 5 көлемінде санай алады,сандарды ретімен атай алады;геометриялық пішіндерді және геометриялық денелерді ажырата алады және атайды;бастаған істерін аяғына дейін жеткізеді;конструктордан құрылыс жасайды;үй жануарларын және олардың төлдерін,үй құстарын біледі;

«Шығармашылық» саласы бойынша:өзінің жұмыстарың және басқа балалардың жұмыстарың бағалай алады,қайшыны дұрыс ұстауды,пайдалануды біледі;жеке бөлшектерді жапсыруды біледі;желімді,сүлгіні қолдана алады.

15. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау

Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшарттар:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы:

(2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 жеке даму карталары қоса берілді)

Шағын орталықта тәрбиеленушілердің даму мониторингін қамтамасыз ететін (бастапқы, аралық, қорытынды) нәтижелері талданып отырылды. Аралас топта білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг (бастапқы-қыркүйек айында, аралық-қаңтарда және қорытынды-мамыр айында) жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша «Бақылау парағы» толтырып, алынған мәліметтер негізінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 (бастапқы бақылау) оқу жылдары барлық тәрбиеленушілерге «Баланың жеке даму картасы» жасақталды. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімінде диагностика мәліметтерінің қорытындысы бойынша баланы одан әрі дамыту іс-шараларын көрсетті. Сонымен

қатар, баланы одан әрі дамыту іс-шаралары циклограмманың «Жеке жұмыс» бөлімінде көрсетіліп, педагогтер жоспарлы түрде түзету жұмыстарын жалғастырып отырды.

**Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау;
(2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 (бастапқы бақылау) мониторингі қоса берілді)**

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) бақылау қыркүйек айында жүргізіліп отырылды.

7.Тәрбиеленушілердің білімін білімдерін бағалау

2021-2022										Үлгілік оқу бағдарламасын игерудің жалпы %
Топ	Кіші			Ортаңғы			Ересек			
Деңгейлері										
	I	II	III	I	II	III	I	II	III	
Бастапқы	0	65	35	0	70	30	0	75	25	100 %
Аралық	0	69	31	0	70	30	0	75	25	100 %
Қортынды	0	75	25	0	25	75	0	20	80	100 %
2022-2023										
Бастапқы	0	65	35	0	70	30	0	75	25	100 %
Аралық	0	75	25	0	78	22	0	75	25	100 %

Қортынды	0	75	25	0	25	75	0	20	80	100 %
2023-2024										
Бастапқы	0	78.9	22.1	0	65	35	0	65	35	100 %
Аралық	20	75	25	0	78	22	0	75	25	100 %
Қортынды	0	75	25	0	25	75	0	20	80	100 %

Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеруде білім, білік және дағдыларды теңестіру үшін қосымша жұмыс жүргізуді қажет ететін тәбиеленушілер анықталынып, баланың жеке даму картасында одан әрі түзету жұмысы жоспарға алынды және міндеттер анықталды.

Әр баланың жеке даму карталары толтырылып отырылды.

Ә) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың

жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингтеу нәтижелерінің болуы және талдауы (қортынды)

«Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту және дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын қалыптастыру. Денсаулықты нығайтуға ықпал ететін дене сапаларын: ептілік, төзімділік, икемділік, шапшаңдық үйлесімділікті дамыту. Денсаулық сақтау технологиясын пайдалана отырып балалардың қимылдық белсенділігін дамыту мен үйлестіру және дене жаттығуларының қызығушылығын қалыптастыру болғандықтан әр кезеңде өсу деңгейі байқалады. Оқу жылында балалардың қозғалыс қызметіндегі қызығушылықтарын спорттық-сауықтыру белсенділіктерін қалыптастыру болғандықтан дене тәрбиесі нұсқаушысы осы бағытта атқарған жұмыстары оң нәтиже берді:

«Қатынас» білім беру саласының базалық мазмұны: сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, орыс тілі ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, әлеуметте қарым қатынас жасау үшін тілді игеру және коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады. Балалардың іс-әрекетінің түрлі нысандары мен түрлерінде ауыз екі сөйлеуін дамыту, әдеби тілде дұрыс сөйлеуді үйрету, сөз өнеріне педагогтардың басты мақсаты. Балалар сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сөйлеу қарқыны, интонацияны/ сақтайды. Тілдегі барлық дыбыстарды анық айтады, қысқа әңгімелерді және ертегілерді мазмұндайды, заттар мен құбылыстардың белгілері мен сапасын ажыратады. Қажетті сөздермен сөз тіркестерін қолданады. Шығарма жанрларын тақпақ, ертегі әңгіме ажырата алады. Өлеңдерді эмоционалды түрде жатқа айтады.

«Таным» білім беру саласының базалық мазмұны қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, құрастыру, жаратылыстану ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады. Инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, интеллектуалдық қабілеттерін, логикалық ойлауын дамыту және қоршаған ортаның біртұтастығы туралы білімдерін қалыптастыру. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту ТРИЗ, Денеш технологияларының элементтерін қолдану арқылы нәтижеге жетеді. «Қызықты математика» құралдарын, атрибуттарын пайдалана отырып қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру, өз ойы бойынша құрылыстарды жасауға, оларды мазмұн бойынша біріктіруге және олармен ойнауға ынталандырады. Тірі және өлі табиғат туралы білімдерін, табиғатта өзін ұстау туралы ережелерді және қарапайым өзара байланыстар туралы білімдерін байыту, табиғатқа сүйіспеншілікпен және ұқыпты қарауға баулиды.

Жыл соңында МАДС заттық ұғымдарды салыстыра біледі, геометриялық пішіндерді біледі, кеңістік пен уақытты бағдарлай алады, қарапайым құрылыстарды құрастыра алады. Туған өлкенің кейбір өсімдіктерін біледі, жануарлар мен олардың төлдерін өздеріне тән белгілері бойынша атайды және ажыратады. Табиғатта өзін ұстай білу ережелерін түсінеді.

«Шығармашылық» білім беру саласының базалық мазмұны сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, музыка ұйымдастырылған оқу қызметінде жүзеге асырылады. Балалардың шығармашылық қабілеттерін, эстетикалық талғамын дамыту, бейнелеу өнеріне қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлау мен қиялдауын дамыту, көзбен қол үйлесімін дамыту, қарапайым заттарды, құбылыстарды, ертегі кейіпкерлерінің пішінін, түстерін, бөліктердің орналасуын бере отырып бейнелеу біліктері мен дағдыларды қалыптастыру жұмыстары жүргізілді. Жыл соңында күрделі емес сюжеттік композициялар құрастыра біледі, бормен асфальтқа, таяқпен құмға сурет салады. Қағаздың қасиеттері жайлы біледі, *(жыртылады, мыжылады)*. Ұқыпты жұмыс жасауға дағдыланған, тазалық шараларын қолдана алады. Дайын пішіндерден қарапайым композицияларды құрастырады.

Музыканы тыңдау дағдысын меңгерген, би қимылдарын орындайды, балаларға арналған музыкалық аспаптарды ажыратады және атайды. Музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдайды.

«Әлеумет» білім беру саласының базалық мазмұны қоршаған ортамен танысу ұйымдастырылған оқу қызметінде іске асырылады.

Балаларда қоршаған ортаға жағымды мінез-құлық пен қарым-қатынасын, эмоционалды елгезектік пен әлеуметтік мәдениет негіздерін қалыптастыруда оларды қоршаған ортадағы заттардың атауларымен және олардың міндеттерімен таныстыру арқылы, таныс заттарды ажыратуға үйрету жұмыстары жоспар бойынша жүргізіледі. Қазақстанның халық ауыз әдебиеті шығармашылығын қолдану арқылы Отанға, отбасына деген сүйіспеншілікті, ересектерге құрмет көрсетуге тәрбиелеу жыл бойында ұйымдастырылған оқу әрекеттерінде, серуенде, режимдік сәттердің қолайлы кезеңдерінде жүргізіледі.

VII. Шағын орталық тәрбиеленушілерінің жетістіктері

2021-2022 оқу жылы

Р/с	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Тобы	Жетістігі	Денгей	Жетекшісі
1	Төкен Айару Ержанқызы	Ортаңғы топ	«Мен әлемді бейнелеймін» Сертификат	Облыстық	Абишева Жамал Баировна
2	Болатбек Зере	Ортаңғы топ	«Мен әлемді бейнелеймін» Сертификат	Облыстық	Абишева Жамал Баировна
3	Төкен Заңғар Қаиратұлы	Ересек топ	«Мен әлемді бейнелеймін» Сертификат	Облыстық	Абишева Жамал Баировна
4	Самат Инжу Кабулламалікқызы	Ортаңғы топ	«Мен әлемді бейнелеймін» Сертификат	Облыстық	Абишева Жамал Баировна
5	Қайрат Әшім	Ортаңғы топ	«Мен әлемді бейнелеймін»	Облыстық	Абишева Жамал

			Сертификат		Баировна
6	Самат Інжу Кабулламалікқызы	Ортаңғы топ	«Мен әлемді бейнелеймін» Сертификат	Облыстық	Манапова Баян Сатыбалдиновна

**Шағын орталық тәрбиеленушілерінің жетістіктері
2023-2024 оқу жылы**

Р/с	Тәрбиеленушінің аты-жөні	Тобы	Жетістігі	Деңгей	Жетекшісі
1	Нұржан Зейнеп Абайқызы	Ересек топ	«Ғарышкерлер күні» сурет байқауы ІІІ дәрежелі диплом	Аудандық	Абишева Жамал Баировна
2	Арқарбек Марғұлан Асылбекұлы	Ересек топ	«Шаңырақ» бейнероликтер байқауының жеңімпазы ІІІ дәрежелі диплом	Аудандық	Манапова Баян Сатыбалдиновна
3	Нұржан Зейнеп Абайқызы	Ересек топ	«Бала дарын» жасөспірімдер байқауы «Суретші балақай» І- дәрежелі диплом	Республикалық	Абишева Жамал Баировна
4	Ерлан Інжу	Ересек топ	«Бала дарын» жасөспірімдер байқауы «Суретші балақай» І- дәрежелі диплом	Республикалық	Абишева Жамал Баировна
5	Нұржан Айсултан	Ортаңғы топ	«Кемел» өнер- білім орталығының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік таңы» атты байқауға қатысып, сурет салу номинациясы	Республикалық	Абишева Жамал Баировна

			ІІ - дәрежелі диплом		
6	Мұқаш Күнсүлу	Ересек топ	«Кемел» өнер- білім орталығының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік таңы» атты байқауға қатысып, сурет салу номинациясы ІІ - дәрежелі диплом	Республикалық	Манапова Баян Сатыбалдиновна
7	Самат Абдулазиз	Ересек топ	«Кемел» өнер- білім орталығының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік таңы» атты байқауға қатысып, сурет салу номинациясы ІІ - дәрежелі диплом	Республикалық	Манапова Баян Сатыбалдиновна
8	Бейсембай Бақдәулет Қылышбекұлы	Ересек топ	«Кемел» өнер- білім орталығының ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік таңы» атты байқауға қатысып, сурет салу номинациясы ІІ - дәрежелі диплом	Республикалық	Манапова Баян Сатыбалдиновна
9	Арқарбек Марғұлан Асылбекұлы	Ересек топ	«Бала дарын» жас өспірімдер байқауы «Суретші балақай» І - дәрежелі диплом	Республикалық	Манапова Баян Сатыбалдиновна
10	Арқарбек Алихан Абайұлы	Ересек топ	«Бала дарын» жас өспірімдер байқауы «Суретші балақай»	Республикалық	Манапова Баян Сатыбалдиновна

			I- дәрежелі диплом		
11	Сәрсенбай Ақнұр Канағатқызы	Ересек топ	«Мен әлемді бейнелеймін» сурет байқауы I I - дәрежелі диплом	Аудандық	Манапова Баян Сатыбалдиновна
12	Арқарбек Марғұлан Асылбекұлы	Ересек топ	«Мен әлемді бейнелеймін» сурет байқауы I I - дәрежелі диплом	Аудандық	Манапова Баян Сатыбалдиновна
13	Сәрсенбай Нұрғанат Канағатұлы	Ересек топ	«Мен әлемді бейнелеймін» байқауы I I - дәрежелі диплом	Аудандық	Манапова Баян Сатыбалдиновна
14	Жанабек Айша - Бибі Бегзатқызы	Ересек топ	Мектепке дейінгі балалар шығармашылығының «Бүлдіршін» фестивалі I I - дәрежелі диплом	Аудандық	Абишева Жамал Баировна
15	Арқарбек Марғұлан Асылбекұлы	Ересек топ	«Шебер әке өнерлі ана ,еңбекқор бала» аудандық байқауының жеңімпазы II дәрежелі диплом	Аудандық	Абишева Жамал Баировна
16	Арқарбек Алихан Абылайұлы	Ересек топ	«Шебер әке өнерлі ана ,еңбекқор бала» аудандық байқауының жеңімпазы II дәрежелі диплом	Аудандық	Абишева Жамал Баировна
17	Самат Абдулазиз Ғабдуламәлікұлы	Ересек топ	«Мен әлемді бейнелеймін» байқауы I I - дәрежелі диплом	Аудандық	Абишева Жамал Баировна

Тәрбие жұмысы

«Балбөбек» шағын орталығының
2022 -2023 оқу жылына арналған
тәрбие жұмыс жоспары

р/с	Тақырыбы	Жауаптылар
	Қыркүйек	
	«Балабақша»	
1.	«Мен өз елімнің патриотымын»/тәрбие сағаты	Абишева Ж.Б Манапова Б.С
2.	«Бала тілі бал»/танымдық іс-әрекет	Абишева Б.С
3.	«Ел болам десең,бесігіңді түзе» /әңгімелесу	Манапова Б.С
	Қазан	
	«Менің отбасым»	
1.	«Менің отбасым,ата-аналар еңбегі» таныстыру	Тәрбиешілер
2.	«Менің туған өлкем» /ашық іс-әрекет	Манапова Б.С.
3.	«Алтын күз» /ертеңгілік/	
4.	«Балғындарың құтты мекені-балабақша» ойын-сауық	Абишева Ж.Б
	Қараша	
	«Дені саудың жаны сау»	
1.	«Ана тілің –арың бұл» Мәнерлеп оқу сайысы	Мектепалды сынып,шағын орталық. Манапова Б.С
2.	Дұрыс тамақтану.Кеңестер	Медбике Дюсенбаева Г.Р
	Желтоқсан	
	«Менің Қазақстаным»	
1.	«Туған өлкем» сурет салу	Тәрбиешілер

2.«Жол ережесін білейік,аман есен жүрейік»	Абишева Ж.Б Манапова Б.С
3.«Қош келдің Жаңа жыл»	Абишева Ж.Б Манапова Б.С
Қантар	
«Табиғат әлемі»	
1.«Жануарлар әлемі»	Абишева Б.С.
2. «Менің сүйікті ертегім»/бейнеролик түсіру	Абишева Ж.Б Манапова Б.С
Ақпан	
«Бізді қоршаған әлем»	
1.«Көліктер» /топтастыру/	Тәрбиешілер
2.«Кімге,не үшін қажет» дәрігер мамандығы туралы түсінігін кеңейту	Тәрбиешілер
Наурыз	
«Салттар мен фольклор»	
1.«Айналайын ақ мамам!» (мерекелік ертеңгілік)	Манапова Б.С.
2.«Қазақстан халықының салттары мен дәстүрлері» /ертеңгілік/	Абишева Ж.Б Манапова Б.С Ата-аналар
Сәуір	
«Біз еңбекқор баламыз»	
1.«Аялайық гүлдерді» сурет салу	Тәрбиешілер
2.«Ас атасы-нан» /танымдық іс-әрекет	Манапова Б.С
Мамыр	
«Әрқашан күн сөнбесін»	

1. Отан қорғаушылар /ҚР әскері ,Ұлы Отан соғысының ардагерлері / отбасылық сайыс	Тәрбиешілер
2. «Қош бол,балабақшам!» / мерекелік ертеңгілік/	Абишева Б.С.

Балаларға «Балғындардың құтты мекені-балабақша»атты ойын сауық іс шарасы өткізілді.Мақсаты:мерекелік көңіл-күй орнату; балаларға балабақша жайында түсінік беру; өзінің туған еліне, жеріне, балабақшасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатында өткізілді. Балабақша есігін енді ғана ашқан кішкентай бүлдіршіндер үшін ұйымдастырылған мерекелік іс-шара олардың көңіл-күйлерінің көтеріңкі болуына, әр күн сайын балабақшаға үлкен құлшыныспен келулеріне әсер ете алды.

Балаларды күз әлемімен, күз байлықтарымен, күзгі еңбекпен таныстыру; күз мезгілінде болатын ерекшеліктерді сахналандыру; табиғатты сүйуге, қорғауға тәрбиелеу мақсатында «Алтын күз» атты ертеңгілік ұйымдастырылды.

Балаларды «Республика күніне » орай кішкентай бүлдіршіндерге Отан, рәміздер жайлы,бас қаламыз Астана жайлы мәліметтер берілді.

«Жол ережесіе білейік,аман есен жүрейік» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Мақсаты: Балаларды жолда жүру ережелеріе меңгерту,бағдаршамның атқаратын қызметімен таныстыру.

Тәуелсіз күніне орай балаларға прищепкамен жасалынатын ойындар жасалынды.

«Менің Отаным –Қазақстан» тақырыбында пазлдар мен ойындар жасалынды.

Балаларға мерекелік көңіл-күй сыйлау; «Жаңа жыл» мерекесінің кейіпкерлерімен таныстырып, мереке туралы түсінік беру; балалардың шығармашылық қиялы мен қабілетін дамыту; көңілді, бірлескен ойындар ойнату арқылы достық қарым-қатынасқа, татулыққа тәрбиелеу мақсатында «Қош келдің, Жаңа жыл» атты мерекелік ертеңгілік ұйымдастырдық. Топ тәрбиеленушілерінің меңгерген шығармашылық, тілдік дағыдылары мен қабілеттері дәл осы ертеңгілікте байқалып, жақсы нәтиже көрсетті. Алғыс айту мерекесі күні кішкентай бүлдіршіндер ата әжелеріне, әкелеріне, аналарына, апайларына, достарына, туған жеріне алғыс айтты.

Аналар мерекесімен бірге күннің нұрын төгіп келген көктем мерекесінің ерекшеліктерін атай отырып, табиғаттың жаңаруын, құлпыруын балаларға жеткізу, ешқашан аналарын ренжітпеуге, әрқашан қолғанат болуға, құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында «8-Наурыз – Аналар мерекесіне» арналған «Айналайын, ақ мамам!» атты ертеңгілік ұйымдастырылды. Топ тәрбиеленушілері өз қимылдарын әуен ырғағына бағындыруды, әуендік қарқынды ажыратуды, оларды сөздерімен қостап, қимылдарына бейнелеуді үйренгендіктен балалардың әрбір шығамашылық көрсетілімі сәтті шықты. Наурыз мейрамы

туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында «22 Наурыз – Ұлыстың ұлы күніне» арналған іс-шара өткіздік. Балалармен ұлттық ойындар ойнатылды.

«Ғарыш әлемі» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Қазақстанның ғарышкерлерімен таныстырып, олардың еңбегі мен ерлігі жайлы мәліметтер берілді.

1 Маусым балалар күніне орай жоспар құрылып бекітілді. Соған сәйкес іс шаралар өткізіледі.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс-шаралар өткізіліп отырды.